

FTAMP 06.71.63  
ӘОЖ 338.45.553.982

DOI 10.47649/vau.2022.v66.i3.08

Р. Сабирова<sup>1\*</sup> , А. Мукашева<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті  
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы  
\*e-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

## ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫН ДАМУТУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

### Андатпа.

Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуында мұнай және газ индустриясы көптеген секторлардың қуатты күшіне айналды. Сондықтан да авторлар мақалада зерттеу мақсатын Қазақстандағы мұнай өндіруші мекемелердің экономикалық көрсеткіштеріне талдау жасап, пайданы еселеу негізінде экономикалық механизмдерді қолдану деп алды.

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ нарығының дамуы мен «Қазмұнайгаз» ҰК-ң экономикалық көрсеткіштері алынды. Зерттеу қорытындысын дайындау үшін нәтижелерді графикалық және кесте зерттеу әдістері қолданылды.

Мұнай-газ саласы Қазақстан экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп отыр. Бірақ бүгінгі күнде аталған сала бәсекеге қабілетті салалар қатарынан түсіп қалу қаупіне ие. Себебі, біріншіден, шикізат бағасы арзандады, екіншіден ауаға бөлінетін зиянды шығарылымдардың шектен тыс көп болуынан табиғатта тепе-теңсіздік, яғни ауа райының күрт жылуы секілді құбылыстар орын алып отыр. Авторлар осы мәселелерді алға тарта отырып, мұнай-газ саласына, оның ішінде «Қазмұнайгаз» ҰК-ң негізгі көрсеткіштері арқылы сала болашағына болжам жасады. Компания уақытша шығындарды азайтқанымен бұл жағдай Қазақстан экономикасына кері әсер етеді. Сондықтан ірі еуропалық компаниялар мұнай шикізатына инвестицияны азайтып, жасыл экономиканы қаржыландыру жағдайларын қарастырып отыр. Қазақстан дамушы ел ретінде өндіріске инновациялық жоғары сапалы өнімді енгізу немесе баламалы энергия көзін өндіруге көшу керек екендігін авторлар ұсыныс ретінде ұсынған.

**Негізгі сөздер:** мұнай-газ нарығы, шетелдік инвестиция, жасыл экономика, баламалы энергия, сұраныс, өндіріс көлемі.

### Кіріспе.

Қазақстан экономикасының дамуында мұнай-газ секторы маңызды орындардың бірінде. Бүгінгі күнде экономиканың тұрақты дамуы, халықтың өмір сүру жағдайының артуы отын-энергетикалық ресурстарға тікелей тәуелді. Жаһандық экономика жағдайында ірі ұлттық мұнай компанияларында «қара алтын» ең басты шикі ресурс болғандықтан өндіруші елдер Қазақстан Республикасын әлемдік және аймақтық нарықтардың тұрақтылығының кепілдемесі ретінде қарастырады. Еліміздің мұнай-газ саласына шетелдік инвестицияның 85%-ы жұмсалып отыр. Статистика деректеріне сүйенсек, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің 40%-ы мұнай-газ саласына тиесілі болып отыр. Мұнай-газ саласы минералдық ресурстарды игеру мен қолданудың жобаларында ауқымды көлемдегі қаржыны талап ететін, әлемдік баға деңгейіне тікелей тәуелді болып отырған ерекшеліктерге ие. Аталған салада экономикалық және экологиялық тәуекелділікті азайту үшін ресурсүнемділікті арттыра отырып, энергиялық қолдану қызметтерінің тиімділігін арттыру қажет. Компаниялар инновациялық технологиялар – жел және күн генерациясына жұмсалатын шығындарды қысқарта отырып, зиянды шығарындыларды азайту үдерісін жалғастыратын болады [1].

Зерттеу мақсаты Қазақстандағы мұнай-газ кәсіпорындарының («Қазмұнайгаз» ҰК) экономикалық жағдайына талдау жасап, табысты арттыру бойынша экономикалық механизмдерді қарастыру болып табылады.

2020 жылда орын алған пандемиялық дағдарыс көптеген компаниялардың қаржылық және құрылымдық тұрақтылығын әлсіретті. Жалпы экономикасы түбегейлі мұнай-газ жағдайына тәуелді болып отырған республикалар үшін дамыған елдер мықты бәсекелеске тағы да айналып отыр. Мұнай өндірісін арттырғанымен оны сақтау қымбатқа шығып отыр. Бірақ кейбір елдер жеңілдік бағамен мұнай шикізатын сатып, бағаны тағы да түсіріп жіберді.

2020 жылдың сәуір айында мұнай шикізатының бағасы 3 есеге дейін төмендеді. Мұнай бағасы арзандағанымен, оны сақтау қоймаларының бағасы қымбаттап отырды [2].


### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Авторлардың пікірінше, көмірсутегіге қойылған бағаның төмен болуы өндірісті қысқартпайды, бірақ жаңа жобаларға салынатын қаржының рентабельділігін арттырмайды. Нақтырақ айтқанда мұнай және газ «сауынды сиырлар» маркетингтік категориясына көшеді. Олардан алынатын табыс тұрақты болғанымен жалпы экономиканы қамтамасыз етуде жеткіліксіз болады. Сондықтан экономика энергияның баламалы түрін өндіруге көшуді талап етіп отыр. Алынған нәтижелер тәжірибеде қолданылуы мүмкін [3].

Зерттеу процесінде қойылған міндеттерді шешу үшін мынадай әдістер пайдаланылды: талдау және синтездеу («жасыл экономика» ұғымын негіздеу үшін); жүйелі және салыстырмалы талдау (шетелдік жағдаймен салыстыруда); статистикалық әдістер («Қазмұнайгаз» ҰК жай-күйі мен даму динамикасын бағалау үшін); факторлық талдау әдістері (Қазақстан мұнай өндірісіне әсер ететін факторларын анықтау үшін).

### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Қазақстанда орын алып отырған экологиялық мәселелер көптеген халықаралық ұйымдар мен институттарға қоғам және табиғатты дамытуға бағытталған инновациялық үлгілерді іздеу аясындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің белсенділігін арттырды. Бұл ретте БҰҰ ұсынылған «жасыл экономика» үлгісін бөліп көрсетуге болады. Аталған үлгі өндіріс пен тұтынудың сапалы өсімін, стратегиялық жоспарлау, бизнес экологизациясы, бюджеттендіру және инфрақұрылым жүйелеріне «жасыл қағида» интеграциясын қолдануды қарастырады. «Жасыл экономика» үлгісінің негізгі сипаттамасы энергетикалық тиімділікті арттыру және зиянды шығарлымдардың көлемін азайту [4].



Сурет 1 – «Жасыл экономика» үлгісі


Тұрақты даму түбегейлі «жасыл экономиканың» қалыптасуына тәуелді. Сондықтан да «жасыл экономиканы» жүзеге асыру ұзақ мерзімді перспективаның маңызды бағыттарының бірі. «Жасыл экономика» тұжырымдамасы – энергияның баламалы көздеріне капитал салу арқылы

электрэнергия өндірісі үшін қайта қалпына келмейтін табиғат байлықтарының қолданысын азайту. «Жасыл экономиканың» негізгі белгілері:

- Табиғи капиталды тиімді қолдану;
- Табиғи өндірістік ресурстардың қорын қалыптастыру, арттыру және сақтау;
- Зиянды шығарылымдардың ауаға таралу көлемін азайту;
- Табысты арттыру және жұмыспен қамту көлемін ұлғайту.

Ұлттық экономиканың дамуын, қоғамның әлеуметтік игілігін, аймақтардың экологиялық қауіпсіздігінің тепе-теңдігін қамту үшін ағымдағы жағдайға талдау жасалу қажет.

Мұнай-газ индустриясы Қазақстандағы көмірсу шикізатының ауқымды қорына байланысты маңызды секторларының бірі болып қалуда. Бұл сала Қазақстандағы ЖҰӨ-н орта есеппен алғанда 15%-н, Үкімет табысының 40%-н қамтиды. Тоғыз ай мерзім ішінде шикі мұнай және табиғи газ өндірісі жалпы шетелдік инвестицияның 39%-н өзіне тартты. Соңғы 10 жылда өндіріс көлемі де ауқымды өзгерді. Шикі мұнай, табиғи газ және мұнай өнімдерінің экспорты Қазақстандағы жалпы экспорт көлемінің 57%-н құрады [5].



Сурет 2 – Қазақстандағы мұнай өндірісін бағалау, млн.тонна

«Қазмұнайгаз» ҰК Қазақстанның мұнай саласындағы ұлттық көшбасшылар қатарында. Шикізат бағасының төмендеуі «Қазмұнайгаз» ҰК қызметіне де өзгеріс әкелді. Компания дағдарысқа (мұнай бағасының арзандауы) қарсы шараларды уақытында қолдана отырып, 2020-2021 жылдары оларды жүзеге асырумен айналысты [6].

Алдыңғы жылдармен салыстырғанда компанияның 2020 жылғы қаржылық көрсеткіштерінің өзгерісі келесі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – «Қазмұнайгаз» ҰК-ң қаржылық көрсеткішінің өзгерістері

№	Көрсеткіш	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқуы, %
1	Түсім, млрд.тг.	6859	4556	- 33,6
2	ЕБІТДА, млрд.тг.	1963	1151	- 41,3
3	Таза пайда, млрд.тг.	1158	172	- 85,2
4	Еркін ақша ағымы, млрд.тг.	592	88	- 85,1

Жоғарыда 1-кестеден көргеніміздей, 2019 жылы түсім 6859 млрд.тг. болса 2020 жылы 2303 млрд.тг. (33,6%) кеміп, 4556 млрд.тг. құрап отыр. Ал таза пайда 85,2%-ға азайып, 2020 жылы 172 млрд.тг. құрады. Еркін ақша ағымы 6,7 есеге кеміп қалған. ЕВІТДА көрсеткіші төлем пайызы, салық және амортизация көрсеткіштерін азайтып тастағанға дейінгі пайда. Бұл көрсеткіш те 41,3%-ға азайған. Аталған жағдайға COVID-19 пандемиясы да әсер етті. Себебі, атап айтқанда:

- пандемияға қатысты жаһандық сұраныстың төмендеуіне байланысты мұнай бағасының 34,8%-ға арзандауы;

- мұнай өнімі және конденсаты көлемінің 2019 жылмен салыстырғанда 1,3 млн.тоннаға азаюы;

- мұнай өнімдеріне деген сұраныстың азаюы;

- Қазақстанда мұнай өндірісі көлемінің азаюы салдарынан мұнайды тасымалдау көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға кеміді;

- Қытай елінде газды қолдану көлемінің азаюы салдарынан Қытай аймақтарына тасымалданатын транзитті газды тасымалдау көлемі 17%-ға азайды.

«Қазмұнайгаз» ҰК мұнай бағасының төмендеуінен кешенді түрде және қысқа мерзімде шешілетін тура және жанама қиындықтарға да кездесті. 2014-2015 жылдардағы дағдарысқа қарағанда компания бұл дағдарысқа дайын болып, қаржылық тұрақтылықты сақтап қалды деп айтуға болады. Өйткені, компанияда қаржылық тұрақтылық бойынша, корпоративті басқару жүйесін жетілдіру бойынша алдын ала жоспарлы шаралар жүргізілген еді.

Нәтижесінде «Қазмұнайгаз» ҰК дағдарыстың компанияға әсерін азайту үшін 5 негізгі бағыт бойынша дағдарысқа қарсы шараларды 2020 жылы жасақтап, 2021 жылы жүзеге асырды. Олар: операциялық үлгі, операциялық тиімділік, қаржылық тұрақтылық, инвестициялық қызмет, сандық трансформация [7].

Операциялық үлгі аясындағы шаралар келесі бағыттарды қамтиды:

- Бизнес үлгілерді оңтайландыру;

- Ұйымдық құрылым өзгерісі және корпоративтік орталықтағы персоналдар санын қысқарту;

- Өндірістік персоналдарды күту режиміне ауыстыру.

Нәтижесінде орталық аппарат оңтайландырылды: штат 34 %-ға қысқарды – 729 персоналдан 480 персоналға дейін қысқарды, департаменттер саны 3 есеге азайды.

Операциялық тиімділік аясындағы шаралар келесі бағыттарды қамтиды:

- Ұңғыманың рентабельді емес қорларының қызметін тоқтату есебінен өндіріс көлемін азайту;

- Жабдықтаушылар санын азайту есебінен тариф/бағаны төмендету.

Қаржылық тұрақтылық аясындағы шаралар келесі бағыттарды қамтиды:

- Өнімнің өзіндік құны құрамындағы шығындарды оңтайландыру;

- Тұрақты шығындар көлемін азайту;


- Капиталды шығындарды оңтайландыру;

- Инвестиция бойынша қарыз жүктемесін азайту.

Нәтижесінде, 2020 жылы компанияның қарызы 341 млн. долларға азайтылды. Капиталдық шығындар 103 млрд.тг.-ге, операциялық шығындар 27 млрд.тг.-ге, әкімшілік шығындар 17 млрд.тг.-ге, жалпы алғанда аталған шығындар 147 млрд.тг.-ге қысқартылды.

Кесте 2 – «Қазмұнайгаз» ҰК жиынтық табысы туралы есебі, млн.теңге

Көрсеткіш	2019 жыл	2020 жыл	Өзгеріс	%
Түсім және тағы басқа табыстар (қаржылық табыс, операциялық табыс, т.с.с.)	7970132	5202080	- 2768052	- 34,7
Шығындар (өнімнің өзіндік құны, өндірістік шығындар, салықтар, жалпы және әкімшілік шығындар, барлау жұмыстары бойынша шығындар, қаржылық шығындар, тасымалдау шығындары, т.с.с.)	- 6585501	- 4923880	1661621	- 25,2
Табысқа салынған салық есебіне дейінгі пайда	1384631	278200	-1106431	- 79,9
Қызмет түрінен түсетін бір жылдағы пайда	1158451	171897	-986554	- 85,2
Бір жылдағы таза пайда	1158457	171897	-986560	- 85,2
Қорытынды	1158457	171897	-980560	- 85,2



Сурет 3 – «Қазмұнайгаз» ҰК жиынтық табысы туралы есебі, млн. теңге

2020 жылы түсім 4556 млрд. теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 33,6%-ға кем. Себебі мұнай бағасы арзандап, жеке кен орындарында өндіріс қызметтері тоқтатылды. Шикі мұнайды игеру шығындарының және өңдеу үшін мұнай құнының төмендеуіне байланысты 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы мұнай, газ және мұнай-газ өнімдерінің өзіндік құны 41,8%-ға азайып, 2277 млрд. теңгені көрсетті. 2020 жылы өндірістік шығындар артып, 741 млрд. теңгені құрады. Ал жалпы және әкімшілік шығындар 20,5%-ға азайды.

Пандемия нәтижесінде нарықтық бағалар өзгерісі, инфляция аясында активтердің құнсыздануы анықталды. Жалпы алғанда ұлттық компанияда активтердің құнсыздануының көлемі – 244 млрд. теңге. Активтердің құнсыздануы және шикізат бағасының төмендеуінен таза пайда 85,2%-ға кеміген.

«Қазмұнайгаз» ҰК-да Dated Brent маркалы мұнай бағасы 2020 жылы 41,84 долларды құрады. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда әлем экономикасына пандемияның әсерін көрсете отырып 34,8 %-ға азайған.

Компанияның инвестициялық қызметі екі негізгі бағытты қарастырды: инвестиция үшін активтер тізімін кеңейту, инвестициялық жобалар портфелінде рентабельділік деңгейіне байланысты және компанияның стратегиялық мақсатына жауап беретін ерекше салаларды қарастыру. Нәтижесінде, компанияның инвестициялық портфелінен тиімсіз және тиімділігі төмен жобалар шығарылды, инвестициялық жобаның капиталдық шығындары азайтылды.

Сандық трансформация шараларын жүзеге асыру келесі нәтижелерді көрсетті: 2020 жылы өнімді сату бойынша таза түсім 9,3 млрд.тг. көрсетті (жоспар 127%-ға орындалды). Сандық трансформация бойынша 4 жоба іске қосылды: «Ақпараттық жүйенің енгізілуі», «Мұнай өңдеу зауыттарында инженерлік үлгілеу жүйесінің енгізілуі», «Компанияда қызмет көрсетудің жалпы көпқызметті орталықтарын қалыптастыру», «Іс-сапарларды басқару». Аталған жобаларды енгізуден күтілетін нәтиже 72,4 млрд.тг.

«Қазмұнайгаз» ҰК-да 2020 жылы 21752 мың тонна мұнай және газ конденсаты өндірілді. Жоспар бойынша 23043 мың тонна өнім өндірілуі тиіс еді.

Кесте 3 – Дағдарысқа қарсы бағдарламалар нәтижелері, млрд.тг.

Көрсеткіштер	2020 жылға арналған бастапқы болжам	2020 жылдағы нақты дағдарысқа қарсы шаралар	Өзгерістер
Түсім	2955	4556	54,2%
Таза пайда	65	172	164,6 %


Ұсынылған 3-кестеге сәйкес «Қазмұнайгаз» ҰК-да дағдарысқа қарсы бағдарламалар өз нәтижелерін бергендігін көруге болады. Дегенмен де дағдарыстан кейінгі компанияның экономикалық жағдайын тұрақтандыру үшін арнайы шаралар кешенін жасақтау қажет.

Компанияның экономикалық жағдайы абсалютті және қатысты көрсеткіштерді қолданумен бағаланады. Абсалютті көрсеткіштер қатарына жалпы табыс, өнімді немесе қызметті сатудан түскен табыс жатқызылса, қатысты көрсеткіштерге рентабельділік көрсеткіштерінің тобы енеді.

Рентабельділік – шаруашылық қызмет табыстылығының деңгейін сипаттайтын көрсеткіш. Компанияның рентабельділігін талдау үшін келесі 4-кестедегі көрсеткіштерді қолданамыз.

Кесте 4 – «Қазмұнайгаз» ҰК-ң экономикалық көрсеткіштері, млн.тг.

Көрсеткіштер	2020 жыл	2019 жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	278200	1384631
Өнімді сатудан түскен түсім	4556037	6858856
Таза пайда	171897	1158157
Өнімді сатудан түскен пайда	3804970	6010789
Өнімнің өзіндік құны	2277066	3913744
Басқарушылық шығындар	170208	213967
Коммерциялық шығындар	458186	420402
Толық өзіндік құн	2277066	3913744
Негізгі құралдар құны	4369745	4514646
Айналым активтері	14653287	14081915
Меншіктік капитал	8636679	8196656



Сурет 4 – «Қазмұнайгаз» ҰК рентабельділігінің өзгерістері, %

2019 жылдағы көрсеткіштермен салыстырғанда «Қазмұнайгаз» ҰК-ң 2020 жылдағы рентабельділік көрсеткіштері барлық шамалар бойынша азайған. Жалпы рентабельділік көрсеткішінің өзі де 15%-ға төмендеген. COVID-19 нәтижесінде нарықтық бағалар қарқыны, орын алған инфляция барысында активтердің құнсыздануы жүзеге асырылды. «Қазмұнайгаз» ҰК –да активтердің құнсыздануының шамасы – 244 млрд. теңге. Активтердің құнсыздануы және ең бастысы мұнай бағасының төмендеуі салдарынан компания пайдасы мен өзіндік құн шамалары үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Әрине бұл жағдай компанияның рентабельділігін де төмендетіп отыр [7].

#### Қорытынды.

«Қазмұнайгаз» ҰК ұзақ жылдар бойы әлем нарығын бағындыруға тырысты. Жаңа кен орындарын ашу арқылы компанияның стратегиясын жүзеге асырып отырды. «Қазмұнайгаз» ҰК Қазақстандағы ірі ұлттық компаниялардың бірі болғандықтан жаңа инновациялық жобаларды дамытумен көп айланыспайды, яғни тәуекелге барғысы келмейді. Ал энергияның баламалы түрін өндіру арқылы көптеген компаниялармен бәсекеге түсе алмайды. Мұнай бағасы қалыпты болғанда компанияның «Жасыл экономикаға» көшу ынтасы болмады. Нарықтағы жағдай лезде өз бағытын бұрған кезде компания шығынды азайтуға жұмыстанды. Төмендеп бара жатқан бағалармен компания жасыл экономиканы және шығарындыны азайту жолдарын емес, жалпы шығындары оңтайландырумен айналысты. Бірақ бұл түпкілікті мәселені шешпейді.

Еуропа елдері «жасыл энергетиканы» ынталандыратын болады. Мұнай бағасының төмендеуінен компанияның пайдасы мен рентабельділігінде де кері көрсеткіштер орын алғаны белгілі болды. Сондықтан ірі еуропалық өндірушілер мұнай-газ саласына инвестиция көлемін азайтып, керісінше қалпына келетін және төмен көміртегі өнеркәсібіне қаржы салуы жоспарлап отыр. Қайта қалпына келетін энергия нарығында да даму және құлдырау қарқыны орын алатын болады. Бірақ бұл саланың дамуы жалғасатын болады [8]. Қытай елі 2035 жылы толықтай гибриді және электр автокөліктеріне көшу туралы шешім қабылдады. Қытайдың автокөлік нарығы әлемдік автокөлік нарығының 25%-н қамтиды.

Пайда мен рентабельділікті арттырудың бірден бір жолы – жоғары сапалы инновациялық өнімді енгізу, тауарды, өнімді өткізудің жаңа нарықтарын игеру, ұйымдастырушылық және басқарушылық жаңашылдықтар енгізу.

Технологияның қазіргі жағдайы дәстүрлі энергияны тасымалдаушыларды (көмір, мұнай, табиғи газ) қолданудан бас тартуға мүмкіндік бермейді. Бірақ ұлттық компаниялар дағдарыстан шығу үшін келесі үш бағытты қолданып, жүзеге асыру қажет:

1. Ауаға шығарылатын зиянды шығарылымдардың көлемін азайту;
2. Энергияның баламалы түріне көшу үшін шетелдік инвесторларды экономикаға тарту;
3. Табиғи байлықтарды қорғау, адамдардың денаулығын сақтау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мемлекеттік реттеу шараларын кеңейту.

Энергияның баламалы түріне ауысу ұзақ уақытты талап етеді. Мұнай нарығы қайта қалпына келгенімен бәсекеге қабілетті болу үшін өндірістік және логистикалық тізбектілікке «жасыл» және энергиялық тиімді технологияны енгізуге тура келеді.

Қорыта келе, Қазақстан экономикасы мұнай-газ нарығына тәуелді болғандықтан ұлттық мұнай компаниялары қымбат әрі уақытты талап етсе де бизнестегі үдерісті өзгертіп энергияның баламалы түрін өндіруге көшу қажет. Әрине, білікті кадрлар және шетелдік тәжірибелер де қажет болады. Егер қалыпты жағдаймен шектелетін болса ЖҰӨ-де азайып, экономикалық дамуды тежейтін болады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Кокорин А. Подготовка нового климатического соглашения ООН: перспективы для России и других стран. Мосты. — Москва. — №4. — 2019. — С. 9-14

2 COVID-19 в странах центральной Азии: последствия и ответные экономические меры. Обзор [Электронный ресурс] - URL: <https://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/central-asia/COVID-19-crisis-response-in-Central-Asia-Russian.pdf> (дата обращения 16.07.2022)

3 Сатыбалдина А.А. Стратегия перехода Республики Казахстан к низкоуглеродному развитию в условиях глобализации: потенциал, приоритеты и механизмы реализации. — Алматы: Институт экономики КН МОН РК. — 2019. — 292 с.

4 Концепции по переходу Республики Казахстан к «Зеленой экономике» [Электронный ресурс] - URL: <https://egov.kz/cms/ru/law/list/T1300000577> (дата обращения 16.07.2022)

5 Сохраняя устойчивость обеспечивая развития. Годовой отчет КазМунайгаз. 2020 год [Электронный ресурс] - URL: [https://www.kmg.kz/uploads/reports/KMG\\_AR2020\\_RUS.pdf](https://www.kmg.kz/uploads/reports/KMG_AR2020_RUS.pdf) (дата обращения 08.07.2022)

6 Переломный момент кризиса COVID-19. Доклад об экономика Казахстана [Электронный ресурс] - URL: <https://documents1.worldbank.org/curated/en/890971624952007527/pdf/Turning-the-Tide-on-the-COVID-19-Crisis.pdf> (дата обращения 20.07.2022)

7 Есекина Б.К. Разработка теоретико-методологических основ низкоуглеродного развития экономики Казахстана: принципы, прогнозные сценарии и механизмы их реализации: отчет о НИР (заключительный) /№ ГР 0115РК00797. — Инв. № 0217РК01856. РКП «Институт экономики КН МОН РК»: — Алматы. — 2019. — 140 с.

8 Hefner R.A. (2019) The age of energy gases. International Journal of Hydrogen Energy. №1(3). P. 309-326

### ЭКОНОМИЧЕСКИЙ МЕХАНИЗМ РАЗВИТИЯ НЕФТЕГАЗОВОГО СЕКТОРА КАЗАХСТАНА

#### Аннотация.

В стабильном экономическом развитии Казахстана нефтяная и газовая индустрия стала мощной силой многих секторов. Поэтому авторы в статье в качестве цели взяли исследования анализ экономических показателей нефтедобывающих предприятий Казахстана и применение экономических механизмов на основе максимизации прибыли.

В статье в качестве объекта исследования были взяты экономические показатели развития нефтегазового рынка в Республике Казахстан и экономические показатели НК «КазМунайГаз». Для подготовки результатов исследования были использованы методы графического и табличного изложения результатов исследования.



Нефтегазовая отрасль обеспечивает стабильность экономики Казахстана. Но на сегодняшний день данная отрасль находится под угрозой выпадения из ряда конкурентноспособных отраслей. Потому что, во-первых, снизились цены на сырье, во-вторых, из-за чрезмерного количества вредных выбросов в воздух происходят такие явления, как дисбаланс в природе, то есть резкое потепление. Авторы, вынося эти вопросы, дали прогноз на будущее нефтегазовой отрасли, в том числе через ключевые показатели НК «КазМунайГаз». Несмотря на то, что компания сократила временные затраты, это негативно сказывается на экономике Казахстана. Поэтому крупные европейские компании рассматривают возможность сокращения инвестиций в нефтяное сырье и финансирования зеленой экономики. В качестве предложения авторы предложили ввести в производство инновационную высококачественную продукцию или перейти на производство альтернативных источников энергии для Казахстана, как развивающейся стране.

**Ключевые слова:** нефтегазовый рынок, иностранные инвестиции, зеленая экономика, альтернативная энергия, спрос, объем производства.

## ECONOMIC MECHANISMS FOR THE DEVELOPMENT OF THE OIL AND GAS SECTOR IN KAZAKHSTAN

### Abstract.

In the stable economic development of Kazakhstan, the oil and gas industry has become a powerful resilience of many sectors. Therefore, the authors in the article as a goal took an analysis of the economic indicators of oil production in Kazakhstan and the use of economic mechanisms based on profit maximization.

In the article, as an object of study, the high indicators of the development of the oil and gas market in Kazakhstan and the high indicators of NC "KazMunayGas" were considered. To prepare the results of the study, the methods of graphical and tabular results of the study were used.

Oil and gas resolution on the establishment of the economy of Kazakhstan. Today, the district is under the protection of falling out of the ranks of competitive departments. Due to the fact that, firstly, prices for raw materials have increased, and secondly, due to an increase in the amount of harmful emissions into the air, such phenomena as an imbalance in nature, that is, a sharp warming. The authors, putting these questions forward, gave a forecast for the future of the oil and gas industry, including through the key indicators of NC KazMunayGas. Despite the fact that the company takes into account the time costs, this negatively affects the economy of Kazakhstan. Therefore, large European companies are exploring the possibility of reducing investment in crude oil and financing the green economy. As a proposal, the authors propose to introduce innovative raw materials into production or switch to the production of alternative energy sources for Kazakhstan, as a developing country.

**Key words:** oil and gas market, foreign investments, Green economy, alternative energy, demand, production volume.

### REFERENCES

- 1 Kokorin A. Podgotovka novogo klimaticheskogo soglasheniya OON: perspektivy dlya Rossii i drugikh stran. [*Preparation of a new UN climate agreement: prospects for Russia and other countries*]. Mosty. – Moskva. №4. 2019. P. 9-14 [in Russian]
- 2 COVID-19 v stranakh tsentral'noi Azii: posledstviya i otvetnye ekonomicheskie mery. Obzor. [*COVID-19 in Central Asian countries: consequences and economic responses. Review*]. Available at: — URL: <https://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/central-asia/COVID-19-crisis-response-in-Central-Asia-Russian.pdf> [in Russian] (accessed: 16.07.2022).
- 3 Satybaldina A.A. Strategiya perekhoda Respubliki Kazakhstan k nizkouglerodnomu razvitiyu v usloviyakh globalizatsii: potentsial, priority i mekhanizmy realizatsii. [*Strategy for the transition of the Republic of Kazakhstan to low-carbon development in the context of globalization: potential, priorities and implementation mechanisms*]. Almaty: Institut jekonomiki KN MON RK. 2019. 292 p. [in Russian]
- 4 Kontseptsii po perekhodu Respubliki Kazakhstan k «zelenoi ekonomike». [*Concepts for the transition of the Republic of Kazakhstan to a "green economy"*] Available at: — URL: <https://egov.kz/cms/ru/law/list/T1300000577> [in Russian] (accessed: 16.07.2022)
- 5 Sohranyaya ustoychivost' obespechivaya razvitiya. [*Maintaining sustainability ensuring development*] Godovoi otchet KazMunaigaz. 2020 god. Available at: — URL: [https://www.kmg.kz/uploads/reports/KMG\\_AR2020\\_RUS.pdf](https://www.kmg.kz/uploads/reports/KMG_AR2020_RUS.pdf) [in Russian] (accessed: 08.07.2022)

6 Perelomnyi moment krizisa COVID-19. [Tipping point of the COVID-19 crisis]. Doklad ob jekonomika Kazahstana. Available at: — URL: <https://documents1.worldbank.org/curated/en/890971624952007527/pdf/Turning-the-Tide-on-the-COVID-19-Crisis.pdf> [in Russian] (accessed: 20.07.2022)

7 Esekina B.K. Razrabotka teoretiko-metodologicheskikh osnov nizkouglerodnogo razvitiya ekonomiki Kazahstana: printsipy, prognoznye stsennarii i mekhanizmy ikh realizatsii. [Development of theoretical and methodological foundations for low-carbon development of the economy of Kazakhstan: principles, forecast scenarios and mechanisms for their implementation]: otchet o NIR (zaklyuchitel'nyi) /№ GR 0115RK00797. Inv. № 0217RK01856. RGKP «Institut ekonomiki KN MON RK»: Almaty. 2019. 140 p. [in Russian]

8 Hefner R.A. (2019) The age of energy gases. International Journal of Hydrogen Energy. №1(3). P. 309-326 [in English]

### Information about authors:

Rysty Sabirova – **corresponding author**, candidate of economics sciences, associate professor, Department of “Economics”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: [r.sabirova@asu.edu.kz](mailto:r.sabirova@asu.edu.kz)

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Akmaral Mukasheva – master of economics sciences, senior teacher, Department of “Economics”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: [murat---79@mail.ru](mailto:murat---79@mail.ru)

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-6799-8317>

### Информация об авторах:

Рысты Сабирова – **основной автор**, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: [r.sabirova@asu.edu.kz](mailto:r.sabirova@asu.edu.kz)

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Акмарал Мукашева – магистр экономических наук, старший преподаватель, кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: [murat---79@mail.ru](mailto:murat---79@mail.ru)

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-6799-8317>

### Авторлар туралы ақпарат:

Рысты Сабирова – **негізгі автор**, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Экономика» кафедрасы, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [r.sabirova@asu.edu.kz](mailto:r.sabirova@asu.edu.kz)

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Акмарал Мукашева – экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, «Экономика» кафедрасы, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [murat---79@mail.ru](mailto:murat---79@mail.ru)

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-6799-8317>